

АШЫҚ САБАҚ

Тақырыбы: Ц дыбысы мен әрпі

*Бастауыш сынып мұғалімі: Толепбергенова
Амангуль Шаймарденовна*

Сабақтың тақырыбы: Ц дыбысы мен әрпі.

Сабақтың мақсаты:

Білімділігі: Оқушыларға Ц дыбысы мен әрпін таныту, ол арқылы берілген сөздерді оқу мен жазуға үйрету.

Дамытушылық: Ц дыбысына қатысты жаңа сөздерді оқыту арқылы оқушылардың білімі мен тілін, сөздік қорларын дамыту.

Тәрбиелік мақсаты: Еңбек сүйгіштікке, ұқыптылыққа, тазалыққа ,хайуанаттарға қамқор бола білуге тәрбиелеу.

Әдісі: ойын, сұрақ-жауап, түсіндіру.

Түрі: жаңа сабақ

Көрнекілігі: Ц әрпі,кесте, интерактивті тақта, , оқулық,жұлдызша,төртбұрыш.

Пән аралық байланыс: математика,дүниетану

Сабақтың барысы:

I.Ұйымдастыру кезеңі.

-Балалар, бүгін бізде сауат ашу сабағы ерекше сабақ болайын деп тұр.Біздің сабағымызға қонақтар келіп отыр.Ендеше қонақтарға сәлем берейік.

Сәлемдесу

Қонақ күту салтымыз

Оқып-біліп жатырмыз

Келген қонақ сіздерге

Сәлем бердік жалпымыз.

Білімдерін тексеру. 1 слайд(Дыбыс пен әріп)

-Дыбыс пен әріптің айырмашылығы қандай?

-Дыбыстар нешеге бөлінеді?

-Сөз неден құралады?

-Сөйлем дегеніміз не?

-Қандай сөздер бас әріптен басталып жазылады?

-Сөйлемдегі сөздер қалай жазылады?

II. Үй тапсырмасын тексеру. 2 слайд Ойын:”Орамал тастамақ”

-Өткен сабақта қандай дыбыспен таныстық?

-Щ дыбысы қандай дыбыс?

-Щ дыбысына байланысты қандай сөздер үйрендік?

-Щ дыбысына берілген сөздерді кезекпен оқу.

Сергіту сәті

Біз кішкентай баламыз,
Өсіп-өніп толамыз,
Көкке қарап, талпынып,
Күнге қолды созамыз.
Дөңгелене тұрамыз,
Керегені құрамыз.
Уық болып иіліп,
Шаңыраққа киіліп,
Киіз үйді құрамыз.

III. Жаңа сабақ.

-Балалар осы киіз үйге ұқсайтын тағы басқа үйді көргендерің бар ма? Ондай үй Алматы қаласында бар. Ол қандай үй ?

-Әрине, цирк. Қазақ циркі-өнер саласының бір түрі.

6-слайд

Мынау цирк. Циркте болмаған бала жоқ шығар. Сайқымазақтың өнері қандай? Үйретілген хайуанаттардың өнерін айтсаңшы!

-Цирк сөзін естігенде алдымен құлақтарыңа қай дыбыс естілді?

-Дұрыс, Ц дыбысы.

Осы Ц дыбысы қандай дыбыс деп ойлайсыңдар? Дұрыс. Дауыссыз, қатаң. Тіс пен тілдің қатысуымен жасалады.

Оқушыларды ц дыбысымен таныстыру. 3 рет ЦЦЦ деп айтқызу. Мынау Ц дыбысының таңбасы. Баспа, жазба түрлері.

Сабақтың мақсаты: сендерді Ц ц дыбысы және әрпімен таныстыру, ол арқылы берілген сөздерді оқу мен жазуға үйрету.

Тақтадағы суреттермен жұмыс

Өздерің тағы қандай сөздер білесіңдер?

7 слайд Пілдің тапсырмасы.

Оқулықпен жұмыс

Ц дыбысына байланысты суреттер көрсетіп, оларды буынға бөлдіріп, ц дыбысының сөздің қай жерінде кездесетінін оқушыларға анықтату.

Ц дыбысы бар сөздерді есінде сақта!

(8-слайд)

Цех



Мотоцикл



Концерт



10

9 слайд Қонжықтың тапсырмасы

а) Оқулықтағы сөздерді оқып, сөздік жұмыс жүргізу.

Ә) “Цирк” мәтінін оқып беру. Цирк сөзін талдау.

Цирк- 4 дыбыс, 4 әріп, 1 буын

б) Мәтіннен неше сөйлем, неше сөз бар екендігін тапқызу.

в) Қадыр Мырза Әлінің «Клоунның сыры» атты өлеңін оқыту. Өлеңнің мазмұнын оқушыларға айтқызу.

Клоунның сыры

Циркте жұрт самсаған

Мәз болса деп жан салам.

Ду күлдірсем оларды,

Қуанамын мен соған.

-Осы кезде сайқымазақ есіктен кіріп келеді.

-Балалармен сәлемдеседі. Шармен ойнайды.



«Не артық?» ойыны. 10-слайд Клоун тапсырмасы

(Суреттерге назар аударып, атауында ц дыбысы жоқ суреттерді көрсет)



-Бибігүлдің хатын Аяз атаға беріп жіберу.

Дәптермен жұмыс. (11-слайд)

а) Ц дыбысының баспа және жазба түрімен таныстыру.

ә) Ц әріпін ауада жазып көрсету.

б) Ц әріпінің үлкен және кіші түрлерін дәптерге жазу.

Оқулықпен жұмыс. Тізбектей оқыту

12-слайд Мешін тапсырмасы



Ц әрпін әдемі жазып үйренейік. Ц әрпінің бас әрпі. Үлкен жолдың ортасынан сәл төмен қаламыңды қой. Солдан оңға қарай доға жасай отырып, тік төмен көлбеу сызық жүргіземіз де жазу жолының астыңғы сызығына жете бере оңға қарай доға жасай отырып, астыңғы сызыққа тигізе , бастапқы ілгектен оңға қарай жылжып, қаламыңды қой да тік жоғары және көлбеу сызық жүргіземіз де жазу жолының астыңғы сызығына жете бере оңға қарай доға жасап, астыңғы сызыққа тигізе ілгек жасаймыз. Ілгекке жалғастыра төмен тартып бау байлаймыз.

Мешін тапсырмасы: Ребус шешу (Концерт)

Жыланның тапсырмасы

«С әрпі ме,әлде ц әрпі ме?» (13-слайд)

(Көп нүктенің орнына ц немесе с әрпін қойып, сөздерді оқы.)

Жазылуын есінде сақта!

Келер жыл жылқы да өз тапсырмасын ала келіпті

Сабақты бекіту. Балалар, күннің бетін бұлт басып ала бұлтты болып тұр екен. Бұлттарды желмен қуайық. Мына сұрақтарға жауап беріңдерші.

Ц қандай дыбыс? Ц туралы алған білімдеріңді күн шапағына топтастырайық.



Сабақты қорыту.

Сонымен қандай жаңа дыбыспен таныстыңдар?
Мына суреттегі заттардың атын атаңдар.

Оқушыларды бағалау.

Үй жұмысы. Цирк мәтінін оқу. Клоунның сыры жаттау.